

**Формы презентации** (интервью с руководителем хозяйства, рекламная акция ТОО «Асыл нан», беседа с врачом-диетологом, экскурсия на предприятие, в музей земледелия, инсценирование праздника последнего снопа и др.)

Анализ проведенных коллективных проектов показывает, что познавательная деятельность только тогда дает положительный результат, когда учитываются движущие факторы (интересная тема, включенность родителей и интерес окружающих), работа учащихся носит творческий деятельностный характер, школьникам необходимо видеть конечный продукт своего труда.

Таким образом, использование проектного метода предоставляет учителю возможность активизировать скрытые резервы для профессионального роста и вывести свою работу на качественно новый уровень, а в своих учениках открыть активных и заинтересованных партнёров.

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЫҚПАЛЫ**

**Тұрсынбаева Ж. Қ.**

*С. Мәуленов атындағы гимназия*

XX ғасырдың ұлы ғұламасы М.О. Әуезов айтқандай, өткен ғасырлардағы қазақ мәдениетінің шыққан құз биігін еске алсақ «Көзге толық, көңілге медеу үш ұлы алып адамды елестетеміз. Олар үшеуі үш мұнардай болған Шоқан, Ыбырай, Абай».

Бұл үшеуінің өмір сүрген ортасы, еңбек еткен майданы, ғылым мен мәдениет саласындағы еңбектері әралуан болғанымен, олардың нәр алған арнасы, бастау бұлағы, алға қойған мақсаты біреу-ақ. Атап айтсақ, олардың алға қойған мақсаты – қайткен күнде де «қалын елі, қазағын» терезесі кең, көсегелі, көргенді, мәдениетті, өнері еркендеген ел қатарына қосу болады. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп «мыңмен жалғыс алысып», аңсаған арманға жету жолында бойындағы бар күш-қайратын, ақыл-парасатын сарп еткен Шоқан да, Ыбырай да, Абай да қалын бұқараның шынайы қамқоршылары бола білді. Сондықтан да біз оларды туған халқының қамын ойлаған біртуар ағартушы-демократтар дейміз.

Бүгінгі егеменді елдің демократ-ағартушы аталарымыздың асыл арманы не еді? Ол бүгінде қалай іске асып жатыр? сұрақтарға ой жүгіртіп, жыл сайын Шоқан, Ыбырай, Абай оқуларын өткізіп отыруы дәстүрге айналды.

Ыбырай Алтынсарин – XIX ғасырдағы өте көрнекті халық ағартушысы, ақын, жазушы, бүгінгі қазақстандық педагогикалық ғылымның негізін қалаушы ғалым, өз дәуірінің белгілі қоғам қайраткері, көрнекті этнограф-ғалым және тіл маманы ретінде Орыс (Россия) императорлық география қоғамының мүшесі және қызметкері болған қоғамдық ірі тұлға.

Ұлы ұстаздың теңдесі жоқ ұйымдастырушылық жігері мен шығармашылық еңбектері арқасында XIX ғасырдың соңғы ширегі мен

XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қазақ халқының оқып, біліп алуының ғылыми негізі қаланып, жазба әдебиеті мен оқулық жазу мәдениетінің қалыптасуына орасан зор ықпалын тигізген тұлға.

Сондықтан да Алтынсарин бейнесіне деген біздің көңіліміз адал да таза. Оның іс-қимылы, өмірінің кейбір сәттері, тұрмыстағы ұсақ-түйектері туралы әңгімелер ұрпақтан ұрпаққа тарап келеді, мұның бәрі оны хрестоматиялық тұрғыдан емес, тірі пенде, нақтылы адам ретінде таным-білуге мүмкіндік береді.

Ыбырай Алтынсарин өз замандас отандастарының ағартушылық ой-пікірлерін қуаттан, қазақ жерінде оқу-білімнің шам-шырағын жақты, педагогикалық-демократиялық көзқарастың негізін салды. Өз заманының озық ойлы азаматы болды. Бір жағынан, феодалдық-патриархалды тұрмыс билеген, екінші жағынан, патша өкіметінің отарлау саясаты езген қараңғы ортада Ыбырай ашқан мектептердің қоңырау сыңғырлап, ұлы ағартушы-педагогтың ой-пікірлері, өлең-жирлары мен әңгімелері халық санасына жаңалық болып сіңді.

«Мектеп – білім берудің басты құралы, халықтың келешегі тек осы мектептер» -деп түсінген ұлы педагог осы мақсатпен қысы-жазы ел-елді аралап, халықты өнер-білімге шақырып қана қоймай, мектеп ашуға қаржы жинау ісімен айналасты. Бұқара халық Ыбырайдың игілікті ісін ықыласпен қолдап, біраз қаржы жинап берді.

1864 жылы қаңтарда Торғайда тұңғыш қазақ балалары үшін мектеп ашып, 14 баланы мектепке қабылдады. Балалар интернатта жатып оқитын болды. Мұндағы тәлім-тәрбие ісіне Ыбырайдың өзі тікелей басшылық етті.

Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық, педагогикалық көзқарасы негізінен, орыс педагогтарының ықпалымен қалыптасты және қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің негізіне

сүйеніп жүргізілді. Халық педагогикасының адамгершілікті, үлкенді сыйлауды, еңбекке, өнерге үйретуді уағыздаған негізгі қағидаларын жақсы біліп, оны басқа халықтардың озат ой-пікірлерімен ылықтырып дамытты.

Ол елдің нағандыққа қамап отырған феодалдық-патриархалдық, рушылық қоғамның кертартпа жақтары мен патша үкіметің отаршылдық саясатын сынап отырып, туған халқының келешегіне зор сеніммен қарады. «Өнер –білім бар жұрттар» атты өлеңінде «тастан сарай салғызған, айшылық алыс жерлерден, жылдам хабар алғызған» десе, алдыңғы қатарлы өнерлі жұрттардың ғылыми-техникалық табыстарын сөз ете келіп:

Үміт еткен достарым,

Сіздерге бердім батамды, – деп жастарды өнер-білімді меңгеруге, оқуға үндейді.

Ы. Алтынсарин өзі ашқан орыс-қазақ мектептерін миссионерлік бағыттағы жат пікірден де, шығыстың жаттамалы діни оқуынан да қорғап бақты. Жастарға шынайы білім беретін дүниаяу пәндерді (жаратылыстану, география, тарих, есеп т.б.) оқытуды іске асырды.

Ы. Алтынсариннің ағартушылық ой-пікірлерінің біртіндеп іске асуына оның Торғайда облыстық мектеп инспекторы болып тағайындалуы (1879) және бұл қызметте өмірінің соңғы минутына дейін үздіксіз он жыл табандылықпен еңбек ету көп пайдасын тигізді. Инспекторлық қызметке кіріскеннен-ақ Ы. Алтынсарин дүниаяу мектептер ашуды қолға алды. Алдымен ол облыстық, уездік қалаларда орталық училищелер ашуды ойластырды. Елек, Николаевск (Қостанай), Торғай, Ырғыз уездерінде бір-бірден екі кластық орыс-қазақ мектептерін ашып, олардың жанынан кітапхана ұйымдастыруға, монша салуға зор күш жұмсады. Ол кейін әр болыс сайын бастауыш мектептер ашуды қолға алды.

Ыбырайдың оқу – ағарту ісіндегі тағы бір жаналығы – қазақ жастарына кәсіби мамандық беру мәселесін қолға алуы болады. Ол Торғайда, Қарабұтақта қолөнер училищесін ашып, қазақ жастарынан қажетті маман кадрлар даярлау ісіне зор мән берді.

Қазақ қыздарына тұңғыш дүниаяу білім беру ісіне жол ашқан да Ы. Алтынсарин болды. Ол Ырғызда қазақ қыздарына арнап интернаты бар мектеп аштырды. Мұның өзі қазақ халқының өмірінде орасан зор маңызы бар тарихи уақиға еді. Ы. Алтынсарин патша әкімшілігінен Торғай облысының барлық уездерінде қыздар училищесін ашуды өтінді. Соның нәтижесінде Торғайда (1891), Қостанайда (1893), Ақтобеде (1896) қыздар училищелер ашылды.

Ы. Алтынсарин қазақ шәкірттерінің таным-түсінігіне лайықты оқу-әдістемелік құралдар жазу мәселесімен де жемісті шұғалданды. Ол орыс - қазақ училищелеріне К. Д. Ушинскийдің «Балалар дүниесі», Л.Н. Толстойдың «Өліппе және оқу кітабын», Б.Ф. Бунаковтың «Өліппе мен оқу кітабын», Тихомировтың «Грамматиканың элементарлық курсы» оқу құралы ретінде ұсына отырып, кейін солардың үлгісімен өзі де «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» атты екі оқу құралын бастырып шығарды.

Хрестоматияға Ыбырай Алтынсарин, біріншеден, қазақ халқының ертегілерін, аңыз-әңгімелерін таңдап, талғап еңгізуге зер салса, екіншіден, өзінің дидактикалық ақыл-нақыл түрінде жазылған қысқа әңгімелерін еңгізді, үшіншіден, К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой, Паульсон, И.А. Крыловтардың тәлімдік мәні зор шығармаларын аударып кіргізді. Ол өзінің хрестоматияға енгізген әдеби шығармаларының бәрін негізгі педагогтық ісімен тығыс байланыстыра білді. Яғни хрестоматияға енгізген материалдарды іріктеуде, біріншіден, әр халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрлерінен хабардар ету принципін, екіншіден, оқу-тыларды адалдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу, адамгершілік жақсы қасиеттерді оларды бойына дамытуды көздеді. Үшіншіден, жастардың әсіресе бастауыш сынып оқушыларының түсінігіне жеңіл, тілі жатық әңгімелерді іріктеп, таңдап беруге тырысты.

Бұған, ең алдымен, «Кел балалар оқылық», «Өнер- білім бар жұрттар» өлеңдерінің тақырыбы мен идеясы айғақ. Ыбырай жастарды өнерге, оқу-білімге шақыра отырып, оларды қоғамға пайдалы, жаңа заман талабына сай, халыққа адал қызмет істейтін азамат, қайраткер тәрбиелеп шығаруды басты мақсат етті. Сойтіп, ол әдеби оқудың білімдік-тәрбиелік мәнін бірінші орынға қойды.

Ы. Алтынсарин әңгімелерінде тарихи материалдар мен салыстыру әдісі өте көп. Мәселен, «Қарабас батыр», «Қобыланды», «Алтын айдар» сияқты халық әдебиетінің үлгілері арқылы автор жастардың назарын өз жұртының тарихына, мұрасына аудартады. Сондай-ақ, әңгімелерінде өмір шындығы нақты бейнеленеді. Ыбырай новеллаларының образдары – гибратшыл, шыншыл жандар. Олар – жақсылыққа құмар жастар. Осы образдардың сыр-сипатын, тұлғасын тану арқылы балалар портретін жасайды.

Ыбырайдың материалды балалардың жас ерекшелігіне, түсінігіне лайықтап беру тәсілі де мейлінше жаңа. Ыбырайдың әдеби оқу әдістемесіне тән бір жаңалығы – өлең жаттату тәсілі. Шығарманың мазмұны мен идеясын танытудың элементі бар. Мысалы, балалар «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңі мен «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін оқы отырып, бұлар-

дың бірінен прогресс идеясын білсе, екіншісінен отырықшылық идеясын танып біледі. Ыбырай қоғамда адам мінезін оқу-білім арқылы ғана түзетуге болады деп сенеді.

Ыбырай сабақты оқыту жүйесіне аса көңіл болген. Сабақтың жүйесіздігі баланың пөнге қызықпауын, үлгермеуін, салақтығын тұғызады. Бұл балаланың емес, мұғалімнің кінәсі дейді. Ендеше, пәнді өте жетік білу, оқушылардың қызығуын арттыру – бұл мұғалімнің шаруасы. Сондықтан Ы Алтынсаринның оқу-әдістемелік ойлары қашанда өзекті.

Ыбырай Алтынсарин діни оқудың өзін адамгершілікті, гуманизмді насихаттауға бейімдеу қажет деп қарады. Осы мақсатпен 1883 жылы өзінің «Мұсылмандық тұтқасы» атты оқу құралын араб әрпімен жазып, оны Қазан қаласында өзінің досы Н.И. Ильменскийдің көмегімен бастырып шығарды.

Бұл еңбектің құндылығы, біріншеден, мұсылман дінінің шариғат заңдарына ана тілінде түсінік беруі болса, екіншіден, діни терминдердің мән-мағынасын ашуға зер салуында, үшіншіден, шариғат заңын өмір тіршілігімен, адам тәрбиесімен тығыз байланыстыра талдауында болып отыр. Ол діннің өзін тәрбиенің құралы ретінде қарастырды.

Ы. Алтынсарин оқу-ағарту ісін жүзеге асыруда екі бірдей кедергілермен күресу тура келді. Оның бірі – Ыбырайдың ағартушылық ісін көре алмай «шоқынған», «кәпір» деп ел арасында өсек таратушы қожа-молдалар болса, екіншіден, дәрекі, топас орыс чиновниктерімен де күресті. Ол өзінің досы В.В. Катаринскийге «... Ең жаманы халықтың қараңғылығы емес, қоғамның әл-ауқаты мен мәдениетін көтеруге көмектесу үшін үкіметтің өзі қойған білімді адамдарымен күресуге тура келеді» дейді.

Патша үкіметі қазақ даласын қараңғылықта ұстауға тырысып бақты. Олар оқымаған қараңғы елді басқару оңайырақ болады деп санады. Патша үкіметінің осы отарлау саясатының ішкі мәнін терең түсінген Ыбырай халықты қапастан құтқарудың жолы тек өнер-білім деп қарады. Сол жолда аянбай еңбек етіп, бар өмірін сарпетті.

Ы. Алтынсарин оқулықтарына енгізген «Ұят кімде болса, иман сонда болады», «Алтын алма, ақыл ал», «Ісін ақ болса, тәңірің жақ болар», «Талапты ерге нұр жауар», «Қайырымсыз болса, ханнан без; өткелсіз болса, судан без, асусыз болса, таудан без», «Өнерлі өлмес, өнерсіз – күн көрмес», «Оқу түбі – тоқу» сияқты асыл сөздерінен бүгінгі жастардың да ғибрат алатыны сөзсіз.

Бүгінгі нарықтық кезеңде жастарды имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеудің аса қажеттігі туып отырған кезде Ы. Алтынсариннің ізгілік жөніндегі осы ойларын шәкірттердің жүрегіне ұялатудың, ал ұлт мектептерін Ыбырай дәстүрі негізінде қайта құрудың қажеттілігі туып отыр.

Ы. Алтынсарин есімінің көшелерге, аулдарға, оқу орындарына берілуі тегін емес. Қостанайдың басты көшелерінің бірі оның атымен аталды. Біздің жерлесіміз туған ауданға да оның аты көтерілді. Бұрынғы бар мұражай қатарына ол 1884 жылы негізін салған орыс-қазақ мектебінің орнына тұрғызылған ағартушының мемориалдық мұражайы қосылды. Ең бастысы, оның бейнесі – халықтың жадында, ұрпақтың құрметінде.

## **Ы.АЛТЫНСАРИННИҢ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

*Умарова Р.М.*

*«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің №1 орта мектебі» ММ*

Ыбырай Алтынсарин – қазақ арасынан шыққан тұңғыш педагог, балалар әдебиетіне зор үлесін қосқан кемеңгер. Балаларға арналған «Әке мен бала», «Таза бұлақ», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», т.б. көптеген әңгімелері бар, мәселе атында емес, тәрбиелік мәнінде, ол әңгімелердің өз кезінде атқарған қызметінде. Мәселеге осы тұрғыдан келсек, өзі жазған әңгімесі болсын, орысшадан аудармалары болсын, Алтынсарин жазба әдебиеті тарихында балалар әдебиетінің негізін салушы болды. Ыбырай Алтынсаринның кезінде орыс не Европа елдерінде балалар әдебиеті сол елдің жалпы әдебиетінің негізгі бір саласына айналып еді. Біздің қазақ жағдайында Махамбет, Абай тәрізді ұлы ақындарымыздың кейбір өлеңдерін айтпасақ, балалар әдебиеті жоқ, не жоқтың қасы болатын. Бұл мәселені биік сатыға көтеріп, балалар әдебиетін жасауға саналы түрде кіріскен бізде бірінші адам – педагог-жазушы Алтынсарин. Оған шейінгі балалар әдебиетінің үлгілері тек фольклорымызда ғана болатын. «Жаңылтпаш», «Бесік жыры», «Құйыршық», «Қотыр торғай», «Өтірік өлең», «Жұмбақ», «Тазша бала» туралы ертегілер, бәрі де жастардың ой-санасына лайықталынған балалар әдебиеті қатарына жатады. Халық өздерінің дүниетанушылық көзқарастарына сәйкес кекілді жас, келешек ұрпаққа өздерінше жақсы тәрбие беруге тырысты. Ал тарихи жазба әдебиетімізді алсақ, бұл мәселе ашығырақ айтқанда, ескерусіз қалған болатын. Әлеуметтік мәні зор барлық істің тетігі жастарда деп сенуші Ы.Алтынсарин